

№2 Меңгеруші жапындағы кеңес

Өткізілу күні: 07.11.2023ж

№	Меңгеруші жапындағы кеңестің күн тәртібіндегі мәселелер.	Жауаптылар
1	Күн тәртібінің орындалуы, бақылау жұмысының қорытындысы. «Топтардың санитарлық жағдайы» жедел тексеру қорытындысы Жаңа әдістемелік әдебиеттерге шолу	Меңгеруші: М. Пазилбекова Әдіскер:С. Тулимакова Балабақша ұжымы

№1 Меңгеруші жапындағы кенес

Өткізілу күні: 05.09.2023ж

№	Меңгеруші жапындағы кенестің күн тәртібіндегі мәселелер.	Жауаптылар
1	1.Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы, есеп беру ортаңғы ересектер тобы, музыка жетекшілері мен дене шынықтыру нұсқаушысы 2.Жаңа ұжымдық шартты бекіту, түрлі мәселелер	Меңгеруші: М. Пазилбекова Әдіскер: С. Тулимакова Балабақша ұжымы

Шардара ауданы
«Асыл-Бұлан» бөбекжай балабақшасы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Хаттама

05.09.2023жыл
Шардара ауданы

№1

Меңгерушіжанындағы кеңес

Төрайымы: М. Пазилбекова
Хатшы: Г. Әуелбек
Қатысқандар саны : 10

Күн тәртібінде

- 1.Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы, есеп беру ортаңғы ересектер тобы, музыка жетекшілері мен дене шынықтыру нұсқаушысы
- 2.Жаңа ұжымдық шартты бекіту, түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі М. Пазилбекова меңгеруші жанындағы кезекті отырысын ашып,күн тәртібімен таныстырды.Жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмыстарды қорытындылады. 2022-2023 оқу жылының жаз мезгіліне жоспарланған іс-шаралардың барлығы іске асып барлық іс әрекеттер бес білім сала бойынша жоспарланып,оң нәтижемен жүргізілгенін айтып өтті. Жаз маусымындағы жұмысты ұйымдастырудың алғы шарттарымен таныстыра отырып, негізгі мақсаты мен міндеттерін айтып өтті: балалардың жазғы демалысын әсерлі өткізуіне мейлінше қолайлы жағдай жасау;танымдық, жан - жақты қызығушылығы мен қабілетін дамытуға ықпал ету;Осы мақсат пен міндеттерді орындау үшін жаз айында көптеген іс-шаралар өтті. «Үш көзді дос», «Көңілді секіргіштер», «день Астана», «день Нептуна», «Толағай спорттық ойындар», «День театра» атты ойындар өткізілді. Бөбектер күн сайын таза ауада таңғы жаттығулар жасап, эстафеталық жарыстарға шықты,күн сайын түстен кейін бассейнге шомылу ұйымдастырылды.. Балабақшада күнделікті дене шынықтыру шаралары өткізіліп, онда ата-аналарда бірлесе қатысып отырды. Атап айтатын болсақ,

«күн, ауа, су – оғздің ең жақсы достарымыз», «қуыршақ театры», «табиғатты аяла көрмесі» атты сайыстар өткізілді. Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау, денсаулықты сақтау тәртібін ұйымдастыру, балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталды.

Сөз сөйлегендер: Дене шынықтыру жетекшісі Б. Аманов өз сөзінде Денсаулық білім беру саласы: дене шынықтыру, қауіпсіз мінез құлық негіздері бөлімдерінен тұрады. Осыған орай, жылдық жоспарға балалардың салауатты өмір салтын сақтау және әр баланың ерекшелігіне қарай дене дамуын қалыптастыруға сауықтыру шаралары қаралған, олар таза ауада дене шынықтыру, ертеңгілік жаттығулар, спорттық ойын сауықтар, серуен, серуендегі қимыл ойындар, сергіту сәттері, ұйқыдан кейінгі гимнастика, массаж, жалаң аяқ жүру процесі, су процедулары. Сондықтан ойын кезінде баланың денесін дұрыс ұстауын, аяғын дұрыс басуын қадағалаған дұрыс. Балалар күз мезгілінде жапырақ жинауды, маусымдық киіммен, мысал: аяғында ботинка, үстінде күртемен жүгіру қимылды қиындатары белегілі, бірақ ойын баласы оны жеңуге ұмтылады. Бала бойында осылай қимыл қозғалыста төзімділік, ептілік, ширақ қимыл дамиды. Бұлардың барлығы дене шынықтыруға жатады. Ауа райы қандай болса да таза ауада болу пайдалы. Жаз мезгілінде ата аналармен жұмыстар жалғастырылды. Ата аналарға кеңестер берілді, әңгімелер, жүргізілді. Ата аналар бұрышындағы жазғы мезгілде балалардың денсаулығын қорғау және нығайту, ағзаны шынықтыру, тыныс алу гимнастикасы және жазғы демалысты ұйымдастыру туралы ақпараттар мезгілімен ауыстырылды.

Сөз сөйлегендер С. Тулимакова лына барлық топ ойын бұрыштарын, табиғат бұрыштарын толықтыру қажет. Осыған байланысты топты безендіру мақсатында топ аралық сайыс өткізу қажет. Балалар жыл мезгілдері туралы айта алады. Қоршаған орта туралы берілген ақпаратты қабылдап, тәрбиешінің қимылын орындай алады. Геометриялық пішіндерді атай алады. Өлең жолдарын тәрбиешімен бірге мәнерлеп жаттай алады. Көмекті қажет ететін балаларға жекелей келу тәрбиеші тарапынан көрсетіледі. Балалардың сөздік қорлары жақсы. Өз жастарына сай. Өз ойларын жеткізе алады. Сұрақтарға талап бойынша жауап бере алады. Білім беру стандартына сәйкес балалар оқытылып, екінші және қорытынды тоқсан нәтижелерін оң нәтижеге жеткізуге жылдық міндет бойынша іске асырылды.

Сөз сөйлегендер С. Тулимакова Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Балалардың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті.

Күн тәртібінің үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі М. Пазилбекова жаңа ұжымдық шарт бойынша түсіндірме жүргізді. Ұжымдық шарт тараптардың - кәсіпорын иесінің (жұмыс берушінің, кәсіпкердің) және еңбек ұжымының мүдделерін келістіру құралы қызметін атқарады, қолданылып жүрген заңдар негізінде жасалады әрі бір жағынан - еңбек ұжымының, оның мүшелері мен олардың отбасыларының еңбек және әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу жөніндегі меншік иесінің міндеттемесін, екінші жағынан - меншік иесінің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі еңбек ұжымының міндеттемесін қамтиды.

2-бап. Ұжымдық шартты әзірлеу, жасасу және орындау принциптері

Ұжымдық шарт:

тараптардың әлеуметтік серіктестігі, өзара сенімі мен құрметі, құқықтары мен міндеттерінің ара жігін ажырату; шарт қағидаларын әзірлеуге еңбек ұжымы мүшелерінің кеңінен қатысуы; шарт қағидаларын әзірлеуде тараптардың тең құқықтылығы; тараптарға жүктелетін міндеттемелерді материалдық, өндірістік және қаржылай қамтамасыз етудің нақты мүмкіндіктерін ескеру, олардың заңды құқықтары мен мүдделерін сақтау; шартқа енгізілген міндеттемелердің орындалуы үшін тараптардың бақылау жасауы және жауапкершілігі принциптері негізге алына отырып жасалады деп сөзін қорытындылады.

Қаулы:

Балабақшада тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Төрайым:  Ж.М. Пазилбекова

Хатшы ----- Қ. Г. Әуелбек

Шардар ауданы
«Асыл-Бұлан» балабақшасы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Хаттама

07.11.2023 жыл
Шардара ауданы

№2

Меңгеруші жанындағы кеңес

Төрайымы- Ж.М. Пазилбекова
Хатшы- Г. Әуелбек
Қатысқандар саны : 10

Күн тәртібінде

- 1.Күн тәртібінің орындалуы, бақылау жұмысының қорытындысы.
- 2.«Топтардың санитарлық жағдайы» жедел тексеру қорытындысы
Жаңа әдістемелік әдебиеттерге шолу

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Ж. М. Пазилбекова меңгеруші жанындағы кезекті отырысын ашып, күн тәртібімен таныстырды. Күн тәртібінің маңыздылығы мен қажеттігі мынада, ол дененің ішкі мүшелері мен организмнің физиологиялық жүйелерінің дұрыс қалыптасуын және баланың сергектігін қамтамасыз етеді, жүйке жүйесін артық шаршаудан қорғайды, өз уақытында дұрыс дамуы үшін жағымды жағдай орнатады, жағымсыз факторлардың әсеріне қарсы тұру, жаңа жағдайларға бейімделе білу қабілетін қалыптастырады.

Өзінің жасына сәйкес, құрылған күн тәртібіне үйренген балалардың тәртіптілігімен, еңбек ете білу іскерлігімен, мінез-құлқының тұрақтылығымен, анықтығымен, белсенділігімен ерекшеленетіні айтпаса да түсінікті. Міне, осылардың барлығы баланың жақсы денсаулығының және дұрыс дамуының көрсеткіші болмақ.

Дұрыс ұйымдастырылған «күн тәртібі», бір жағынан ата-анаға өз уақытын ұтымды бөлуге көмектесе, екінші жағынан отбасында тәрбиелеу-білім беру процесін және оның әр саласын (адамгершілік тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, еңбек тәрбиесі және т.б.) дұрыс ұйымдастыруға көмектеседі. Сонымен, «күн тәртібін» сақтап әрекет ету сауықтыру іс-шараларын (серуен, шынықтыру шаралары, ұйқы, дем алу т.б.) өз уақытында ұйымдастыруға;

балаларда өз бетімен әрекет ету, еңбек сүйіштілік, белсенділік, басқаны білуге, өз іс-әрекетінің нәтижесіне жетуге талпыну, мейірімділік, қамқорлық, сыйласымдылық, ойнай білу, өмір сүре білу және т.б. күнделікті қарапайым іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру үшін олардың күн барысындағы әр түрлі іс-әрекеттерін (ойын, еңбек, оқу) тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. «Күн тәртібінің» нақты, айқын болуы балаға өмірлік қажетті дағды мен іскерліктерді (жинақылық, ұқыптылық, уақытты тиімді пайдалану және т.б.) меңгеруге көмектеседі. Күн тәртібінің әр түрлі іс-әрекетте балаңыздың қажеттілігін қанағаттандыра отырып, олардың алдағы сабаққа қызығушылығын, белсенділігін, яғни ақыл-ойы дамуын жеделдететінін есте ұмытпаңыз. Күн тәртібін сақтауды қамтамасыз ететін шарттардың үнемі болуы балада мінез мәдениетін тәрбиелеуге, жинақтаған іскерліктері мен дағдыларын бекітуге де мүмкіндік береді. Баланың денсаулығы жақсы болуы және қалыпты, дұрыс дамуы үшін күн тәртібінің барлық жас кезеңдерінде сақталғаны дұрыс. Күн тәртібі балалардың жас ерекшелігін есепке алып құрылуы тиіс. Жалпы күн тәртібін құрудың негізгі принциптері әр түрлі жастағы балалар үшін ортақ болып табылады. Әр түрлі жастағы балалар үшін күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру дегеніміз балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін есепке алу және сол жас кезеңіне сәйкес тиісті педагогикалық әдістер мен тәсілдерді қолдана білу деген сөз. Әр түрлі жас кезеңдеріне байланысты күн тәртібінің орындалуының дұрыс болуы, оның балаларға сауықтырушылық және тәрбие берушілік әсерінің нәтижелі болуы, көпшілік жағдайда ата-аналардың педагогтардан, мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінен тиісті кеңес алып, тығыз байланыста болуына байланысты.

Балалардың уақыты мен ұйқысын ұйымдастыру

Бала жасы есейген сайын белсенді қимылдайды. 5-6 сағатқа дейін үзіліссіз әрекет ету қабілеті бар. Сондықтан осы жас кезеңінде олардың іс-әрекетін дұрыс ұйымдастырудың маңызы өте зор. Баланың белсенді әрекет етуі көпшілік жағдайда оның жұмысқа қабілеттілігіне, көңіл-күйіне, ұйқысының дұрыс болуына байланысты.

Отбасында балалардың уақытын әр түрлі әрекеттерді ұйымдастыру арқылы жүзеге асыруға болады. Мысалы, ойын, қарапайым еңбек, өз бетінше әрекет ету, көңіл көтеру және т.б.

Балалар ойыны сипаты мен мазмұны жағынан әр түрлі болып келеді: сюжетті-ролдік, дидактикалық, қимыл-қозғалыс, спорттық, ұлттық. Баланың жан-жақты дамуында ойынның маңызды рөл атқарғанын ескеріп, оған міндетті түрде басшылық жасау керектігін есте ұмытпаңыз. Баланы өте ерте жастан ойынға қатыса білуге, роль таңдай білуге, ойыншықтарды пайдалана білуге үйрету қажет. Балаларды ойынға үйрету үшін, оны өзіңіз жақсы білуіңіз керек, ол үшін кітап дүкендерінен балалар ойындарына арналған кітаптарды алып оқыңыз. Ойынды балаңыздың жасына және өтілетін орнына (үйде, серуенде) байланысты таңдап үйреніңіз. Ойын кезіндегі баланың киіміне мән беріңіз, мысалы, қимыл-қозғалыс ойындарында оның киімі қозғалуға қолайлы және ауа райына сәйкес болуы керек.

Балалардың тамақтануы

Баланың қалыпты дене және нервтік-психикалық дамуы жасына байланысты дұрыс тамақтануына байланысты екендігін есте ұмытпаңыз.

Ең бастысы – уақытында, мөлшерімен, 4 рет тамақтануды дұрыс ұйымдастыра білу.

Мүмкіндігінше тамақ түрін өзгертіп отырған жөн болады. Баланың үйлесімді дамуы және зат алмасуы қалыпты жүруі үшін тамақтың құрамында организмді энергиямен толықтырушы қажетті элементтер болып саналатын көмір, май, белоктардың жеткілікті болғанына назар аударыңыз. Ас мәзірін әзірлегенде ұннан, тарыдан, көкөністен істелетін тағамдардың үйлесім келуіне мән беріңіз. Бала тағамының құрамында сүттен даярланатын тағамдардың болуы міндетті (қаймақ, ірімшік, айран т.б.)

Ең бастысы баланы күштеп, зорлықпен тамақтандырмау керек, керісінше өзінің тамақтануға тілегі пайда болу үшін жағдай жасау керек. Бала тамақтанушыныпқалмау үшін біркелкі санитарлық-гигиеналық қүсыныстар:

- тамақты тек сапалы өнімдерден әзірлеу;
- тамақты даярлау технологиясын сақтау;
- тез бұзылатын және даяр тамақты дұрыс сақтау;
- арнайы ас бөлмесінің дыстарының болуы;
- гигиенаны сақтау;
- ас бөлмесін үнемі таза ұстау.

Серуен

Таза ауада болу –

баланың денсаулығын нығайтады және организмді шынықтырады, танымдық мүмкіндіктері мен қимыл-қозғалыстарын белсендіретінін ұмытпаңыз.

Бала күнделікті қандай болмасына ауарайында 4-5 сағат серуендеуі керек.

Жылмезгілі ауысуына байланысты серуен уақытының өзгеріп отыруы да мүмкін.

Әр серуенде балаңызбен бірге қандай іспен айналысатындарыңызды міндетті түрде жоспарлаңыз. Дұрыс ұйымдастырылған серуен – қимыл-қозғалыс және спорттық ойындарды, дене жаттығуларын қолдануды, бақылау, еңбек, өздігінен іс-әрекетпен айналысу және т.б. көрсетеді.

Баланы әр серуеннен оралған соң өздігінен шешініп, жуынып-шайынуға үйрету керек. Жылдың әр мезгіліне, әртүрлі температураға байланысты бала киіміне мән беріңіз.

Ұйқы

Ұйқы – бұл адам организмнің қажеттілігі. Оны толық қанағаттандыру адамға жақсы көңіл-күй және күш береді.

Мектеп жасына дейінгі баланың ұйқысының дұрыс болуы, оның ақтіден саулығы мен дұрыс дамуының негізі болмақ. Бала күніне 11-12 сағат ұйықтайды. Ал күндізгі ұйқының ұзақтығы баланың жасына байланысты 2-2,5 сағат қасозылуы мүмкін. Бала төсегінің, жастығының, ұйықтағанда киімінде өзінешақ болғаны жөн.

Баланың ұйықтап жатқандағы денесінің қалпы, оның ұйқысына әсер ететінін ұмытпаңыз.

Ең бастысы, баланың ұйқысы дұрыс болуы үшін оны үнемі біруақытта ұйқыға жатқызып үйрету керек.

Балалар күн тәртібін үлкендердің басшылығымен орындайды. Оны ұйымдастыратын – тәрбиеші. Ол алғашқы күннен бастап-ақ жүйелі түрде балаларды күн тәртібін орындауға үйретеді, қадағалайды, әр баланың өзі орындайтындай деңгейге жеткізеді.

Ең бастысы – уақытында, мөлшерімен, 4 рет тамақтануды дұрыс ұйымдастыра білу.

Мүмкіндігінше тамақ түрін өзгертіп отырған жөн болады. Баланың үйлесімді дамуы және зат алмасуы қалыпты жүруі үшін тамақтың құрамында организмді энергиямен толықтырушы қажетті элементтер болып саналатын көмір, май, белоктардың жеткілікті болғанына назар аударыңыз. Ас мәзірін әзірлегенде ұннан, тарыдан, көкөністен істелетін тағамдардың үйлесім келуіне мән беріңіз. Бала тағамының құрамында сүттен даярланатын тағамдардың болуы міндетті (қаймақ, ірімшік, айран т.б.)

Ең бастысы баланы күштеп, зорлықпен тамақтандырмау керек, керісінше өзінің тамақтануға тілегі пайда болу үшін жағдай жасау керек. Бала тамақтанушыныпқалмау үшін бір келкі санитарлық-гигиеналық ұсыныстар:

- тамақты тек сапалы өнімдерден әзірлеу;
- тамақты даярлау технологиясын сақтау;
- тез бұзылатын және даяр тамақты дұрыс сақтау;
- арнайы ас бөлмесінің қыдыстарының болуы;
- гигиенаны сақтау;
- ас бөлмесін үнемі таза ұстау.

Серуен

Таза ауада болу –

баланың денсаулығын нығайтады және организмді шынықтырады, танымдық мүмкіндіктері мен қимыл-қозғалыстарын белсендіретінін ұмытпаңыз.

Бала күнделікті қандай болмасына ауарайында 4-5 сағат серуендеуі керек.

Жылмезгілі ауысуына байланысты серуен уақытының өзгеріп отыруы да мүмкін. Әр серуенде балаңызбен бірге қандай іспен айналысатындарыңызды міндетті түрде жоспарлаңыз. Дұрыс ұйымдастырылған серуен – қимыл-қозғалыс және спорттық ойындарды, дене жаттығуларын қолдануды, бақылау, еңбек, өздігінен іс-әрекетпен айналысу және т.б. көрсетеді.

Баланы әр серуеннен оралған соң өздігінен шешініп, жуынып-шайынуға үйрету керек. Жылдың әр мезгіліне, әртүрлі температураға байланысты бала киіміне мән беріңіз.

Ұйқы

Ұйқы – бұлада организмнің қажеттілігі. Оны толық қанағаттандыру адамға жақсы көңіл-күй және күш береді.

Мектеп жасына дейінгі баланың ұйқысының дұрыс болуы, оның нақты денсаулығы мен дұрыс дамуының негізі болмақ. Бала күніне 11-12 сағат ұйықтайды. Ал күндізгі ұйқының ұзақтығы баланың жасына байланысты 2-2,5 сағат қасозылуы мүмкін. Бала төсегінің, жастығының, ұйықтағанда киетін киімінде өзінешақ болғаны жөн.

Баланың ұйықтап жатқандағы денесінің қалпы, оның ұйқысына әсеретінін ұмытпаңыз.

Ең бастысы, баланың ұйқысы дұрыс болуы үшін оны үнемі біруақытта ұйқыға жатқызып үйрету керек.

Балалар күн тәртібін үлкендердің басшылығымен орындайды. Оны ұйымдастыратын – тәрбиеші. Ол алғашқы күннен бастап-ақ жүйелі түрде балаларды күн тәртібін орындауға үйретеді, қадағалайды, әр баланың өзі орындайтындай деңгейге жеткізеді.

орындауды, оақылауды,
реттеуді және талдауды қамтамасыз ететін нақты құрылымдалған қызмет жүйесін қажет етеді.

МДҰ-дағы әдістемелік жұмыстың нәтижесі келесідей болуы керек:
Білім беру мазмұнын жаңарту және оқу үдерісінің сапасын арттыру;
Психологиялық-педагогикалық білім қорын толықтыру және кеңейту;
Педагогикалық жұмыс нәтижесін бағалау, талдау, диагностикалау;
Жүйелі талдау негізінде педагогикалық процесті жобалау;
Педагогикалық тәжірибе алмасу үшін деректер банкін қалыптастыру.
Әдебиеттері тізімі

1. Багаутдинова С.Ф. Қазіргі мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі әдістемелік жұмыстың ерекшеліктері. // Мектепке дейінгі білім беру мекемесін басқару. - 2004. - № 3. - С. 82-85.
2. Волобуева Л.М. Белсенді әдістер мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің әдістемелік жұмысына оқыту. // Мектепке дейінгі білім беру мекемесін басқару. - 2006. - № 6. - С. 70-78.
3. Липчанская И.А. Функционалдық бақылау және мектепке дейінгі тәрбиені дамыту: нұсқаулар. - М.: ТК саласы, 2009 ж.
4. Никишина И.В. Мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі диагностикалық және әдістемелік жұмыс. - Волгоград, 2007 ж.
5. Фалюшина Л.И. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің сапасын басқару. - М.: АРҚТИ, 2009 ж.
- Белая К.Ю. Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі әдістемелік жұмыс: Талдау, жоспарлау, нысандары мен әдістері. - М.: Сфера, 2005. - 96-б.
- Лосев П.Н. Заманауи мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі әдістемелік жұмысты басқару. - М.: Бустар, 2005. - С.15
- Терре С.И. Әдістемелік жұмыс оқу үдерісінің тиімділігі мен сапасын арттыру құралы ретінде. - Иркутск: Бустард, 2010. - 3-б.
- Аншукова Е.Ю. Ағарту тәрбиесінің аналитикалық қызметі. // Мектепке дейінгі білім беру мекемесін басқару. - 2004. - № 3. - С. 29.
- Ломтева Е.А. Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі әдістемелік жұмыс жүйесі. - М.: Бустард, 2009. - С. 21.
- Левшина Н.И. Ақпараттандыру бақылау-талдау қызметінің тиімділігінің шарты ретінде. // Мектепке дейінгі білім беру мекемесін басқару. - 2005. - № 2. - 10 б.

Наталья Кирьянова

Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі әдістемелік жұмыс Миссия әдістемелік қызметі заманауи педагогикалық ойлауы мен кәсіби мәдениеті жоғары жаңа типті кәсіби мұғалімді қалыптастыруға бағытталған. Мақсаттар әдістемелік біздің мектепке дейінгі білім беру мекемесінің қызметтері болып табылады:
Білім беру үдерісі шеңберінде мемлекеттік білім беру саясатын жүзеге асыру;
үшін шарттар жинағын құру тиімді дамыту DOW;
Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде оның мәртебесіне барабар білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету.

